



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІМІНІҢ ҚЫЗМЕТІН
ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОҢЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ


2 нұсқасы:
28.08.2020


ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІМІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1 бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Білім алушыларды қабылдау	3
3	Дайындық бөлімінде оқу процесін ұйымдастыру	4
4	Қорытынды ережелер	5



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 28.08.2020
	ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІМІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Дайындық бөлімінің қызметін ұйымдастыру туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) әрі қарай шығармашылық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша білім беру мекемелеріне түсу мақсатында мамандандырылған пәндер бойынша білім алушылардың дайындық деңгейін арттыру үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің дайындық бөлімінің қызметін ұйымдастыру, талапкерлерді қабылдау және оқыту тәртібін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:


- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 554 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру Қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына.

1.3 Университеттің дайындық бөлімінің ұйымдастыру тәртібіне кіреді:

- талапкерлерді қабылдауды өткізу;
- дайындық бөлімінде тыңдаушыларды оқыту.

1.4 Дайындық бөліміне талапкерлерді қабылдауды ұйымдастыруды және өткізуді Университеттің қабылдау комиссиясы іске асырады.

1.5 Дайындық бөлімінде оқытуды ұйымдастыруды, оны әдістемелік қамтамасыз етуді Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет іске асырады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 28.08.2020
	ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІМІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3 бет

2 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

2.1 Университеттің дайындық бөліміне құжаттарды қабылдау және талапкерлерді тіркеу жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік Қағидаларына және Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру Қағидаларына сәйкес іске асырылады.

2.2 Дайындық бөліміне талапкерлердің құжаттарын қабылдауды, рәсімдеуді және өңдеуді қабылдау комиссиясы іске асырады.

2.3 Университеттің дайындық бөлімінде оқыту ақылы негізде білім алушының меншікті қаражаты бойынша іске асырылады.

2.4 Университетте іске асырылатын білім беру бағдарламаларының дайындық бағыттары бойынша оқуға жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

2.5 Дайындық бөліміне түсу үшін талапкер қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- Университет ректорының атына оқуға қабылдау жөнінде еркін нысанда өтініш беру;
- Алдыңғы білімі туралы құжаттың түпнұсқасы – жалпы орта, бастауыш кәсіптік (техникалық және кәсіптік), орта кәсіптік (ортадан кейінгі), жоғары кәсіптік (жоғары) білім туралы және оған қосымшалар;
- Жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3x4 өлшемді 6 фотосурет;
- 086-У нысандағы медициналық анықтама.

2.6 Талапкер оқыту өткізілетін бір ғана шығармашылық мамандықты көрсетуге құқықты.

2.7 Құжаттарды қабылдау Университеттің өзінде ғана іске асырылады.

2.8 Талапкерлерді қабылдау шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша іске асырылады.

2.9 Дайындық бөлімінде оқу үшін шығармашылық емтиханды мамандандырылған емтихан комиссиясы Университеттің өзінде ғана қабылдайды. Талапкер осы оқу жылы Университетке түсуге талаптанып, емтихандардың нәтижесі бойынша оқуға тіркелмеген болса, оның шығармашылық емтихандарының нәтижелері дайындық бөліміне түсу кезінде есепке алынуы мүмкін.

2.10 Шығармашылық емтихан коллоквиум нысанында (әңгімелесу және тыңдау) өткізіледі.

2.11 «Эстрада өнері», «Дәстүрлі ән салу», «Дәстүрлі жыр (айтыс)», «Кино және ТВ дыбыс режиссурасы» мамандықтарына музыкалық аспаптардың бірінде ойнай алатын талапкерлер қабылданады.



2.12 Дайындық бөліміне тыңдаушылар қатарына тіркеуді Университеттің қабылдау комиссиясы 20-25 қыркүйек аралығында өткізеді.

2.13 Оқуға тіркегеннен кейін 10 жұмыс күн ішінде Университет дайындық бөліміне тыңдаушыларды тіркеу туралы бұйрықтардың көшірмелерін білім беру саласындағы өкілетті органға береді.

3 ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІМІНДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1 Дайындық бөлімінде оқу процесін ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары тиісті түрде білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік Қағидаларына және оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қағидаларына сәйкес келеді.

3.2 Дайындық бөлімінде оқыту күндізгі оқу нысанында іске асырылады. Сабақтар 1 қазанда басталады.

3.3 Дайындық бөлімінде оқу мерзімі 9 айды құрайды.

3.4 Дайындық бөлімінде оқыту Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет ұсынған және оқу, оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректорлар қол қойған академиялық күнтізбеге сай іске асырылады.

3.5 Оқитын пәндердің жалпы еңбек сыйымдылығы 34 кредитті құрайды, олар әрқайсысында 17 кредиттен, екі семестер бойы игеріледі.

3.6 Оқуға тіркелгеннен кейін әрбір білім алушыға Platonus ААЖ платформасында жеке аккаунт құрылады, логин және пароль (күпиясөз) беріледі. Platonus ААЖ арқылы білім алушы оқитын пәндері бойынша барлық әдістемелік материалдармен танысуына, ағымдағы бағаларын қадағалауына, орындаған жұмыстарын тапсыруына болады.

3.7 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы және аралық бақылау білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес іске асырылады.


3.8 Білім алушылардың оқудағы жетістіктері (білімі, машықтары, дағдылары мен біліктілігі) 100 балдық жүйе бойынша балмен және 4 балдық жүйе бойынша сан мәндеріне сәйкес келетін А-дан FХ дейін әріптік жүйе бойынша бағаланады.

3.9 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау оқытушының оқу жетістіктерін ұдайы тексеруін қамтамасыз етеді және Platonus ААЖ платформасында қойылады.

3.10 Шектік бақылау дайындық бөлімінде оқу кезеңі бойынша екі рет – қысқы аралық аттестаттау және жазғы қорытынды аттестаттау кезінде өткізіледі.

3.11 Аралық бақылау қысқы емтихан сессиясында емтихан нысанында өткізіледі.

3.12 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау жазғы емтихан сессиясында емтихан нысанында өткізіледі.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 28.08.2020
	ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІМІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5 бет

3.13 Білім алушы емтихандар қорытындысы бойынша 65 балдан төмен баға алған жағдайда оған келесі академиялық жылы дайындық курсына оқуын жалғастыру ұсынылады.

3.14 Оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушыға оқуды бітіргендігі туралы белгіленген үлгідегі анықтама беріледі, анықтамаға білім алушының оқыған барлық оқу пәндері, FX және X бағаларын қоса, қорытынды бағасы көрсетілуімен қоса енгізіледі.

3.15 Тыңдаушы дайындық бөлімін аяқтағаннан кейін Университеттің таңдаған білім алу бағдарламасына басқа талапкерлермен қатар жалпы негізде оқуға түседі.

3.16 Дайындық бөлімін бітіргендігі туралы анықтаманың болуы талапкерге Университетке мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түсуіне негіз болмайды.

4 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

4.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.